

## Педагогикалық кеңес хаттамасы №4

**Қатысқандар: 3**

**Қатыспағандар: 0**

**Өткізілген уақыты: 29 наурыз 2026 ж**

**Тақырыбы:** “Заттық дамытушы орта- баланың дамуының негізгі құралы”

**Мақсаты:** Қазіргі мектепке дейінгі ұйымда заттық дамытушы ортаның маңыздылығына тоқталу. Аймақтарда бала өзін еркін сезінуге жағдай жасау. Қолжетімді және қауіпсіз ортаға баулу.

**Күн тәртібі:**

1. “Ойын арқылы дамытушы ортаны тиімді пайдалану” баяндама
2. **Топтық жұмыс:** Әр топқа “Заттық ортаға қандай жаңа идея еңгізер едіңіз?” тақырыбында ой қозғау.
3. **“Эко-ойыншық” шеберлік сынып**  
Мини көрме ұйымдастыру (Заттық дамытушы орта бойынша)
4. Талқылау: “Біздің балабақшада орта қалай ұйымдастырылған? Қай бағытты күшейту керек?» тақырыбында ұсыныс жәшігі.

**Тыңдалды:**

**Бірінші мәселе бойынша,** ортаңғы топ тәрбиешісі өзіне сөз алып, «Ойын арқылы дамытушы ортаны тиімді пайдалану» тақырыбында баяндама оқыды. Мектепке дейінгі жастағы балалардың негізгі әрекеті – ойын. Ойын барысында бала қоршаған ортаны танып, ойлау, сөйлеу, қиялдау, қарым-қатынас жасау қабілеттерін дамытады. Сондықтан дамытушы ортаны ойын арқылы тиімді ұйымдастыру – тәрбиешінің басты міндеттерінің бірі екендігін атап айтты. Педагогтарды тапсырмалар берді. Сұрақтар беріп, кластерлер дайындатқызды.

1. Дамытушы орта дегеніміз не?
2. Ойынның маңызы
3. Дамытушы ортаны тиімді ұйымдастыру жолдары
4. Тәрбиешінің рөлі

Осы сұрақтарға жауап ала отырып «Ойын арқылы ұйымдастырылған дамытушы орта – баланың үйлесімді дамуының негізі. Дұрыс құрылған ортада бала белсенді, қызығушылығы жоғары, өз ойын еркін жеткізе алатын тұлға болып қалыптасады»- деп баяндамасын қорытындылады.

**Екінші мәселе бойынша,** әдіскер топтық жұмыс жүргізді. Әр топқа “Заттық ортаға қандай жаңа идея еңгізер едіңіз?” тақырыбында ой қозғау тастады.

Сөз сөйлеген: Ересек топ тәрбиешісі өзіне сөз алып сенсорлық дамыту құралдарын (түрлі текстуралық маталар, түстер мен пішіндерді ажыратуға

аранлған ойыншықтар), қимыл-қозғалыс құралдарын, табиғи материалдар, құрылыс және құрастыру ойындарын, кітап және тіл дамыту бұрышын атап айтты.

Басқа топтың тәрбиешілері де өз ойларымен бөлісті.

**Үшінші мәселе бойынша,** психолог “Эко-ойыншық” шеберлік сынып ұйымдастырды. Педагогтар қалдық заттардан балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып ойыншықтар жасап, нәтижесінде көрме ұйымдастырылды.

**Төртінші мәселе бойынша әдіскер** “Біздің балабақшада орта қалай ұйымдастырылған? Қай бағытты күшейту керек?» тақырыбында ұсыныс жәшігін ұйымдастырып талқылады. Педагогтар, топ тәрбиешілері ұсыныстарын жеткізіп, топтық талқылау ұйымдастырылды. Ұсыныс жәшігіне ата-аналарды да қосу керектігі айтылып әр топқа орнатылатын болды.

### ШЕШІМ:

1. Топтарда заттық-дамытушы орта талапқа сай ұйымдастырылсын
2. Топтарда жас ерекшелігіне қарай ерекшеліктер енгізілсін.
3. “Эко-ойыншық” көрмесі жалғасын тапсын
4. Ұсыныс жәшігі ата-аналар арасында ұйымдастырылып, нәтижесінде топтар арасында “Ең үздік заттық-дамытушы орта” тақырыбында сайыс ұйымдастырылсын.

Педагогикалық кеңес төрайымы:

Есеналиева А

Хатшы:

Есеналиева А

**«Ойын арқылы дамытушы органы тиімді  
пайдалану»**

**Баяндама**

## Кіріспе

Мектепке дейінгі жастағы балалардың негізгі әрекеті – ойын. Ойын барысында бала қоршаған ортаны танып, ойлау, сөйлеу, қиялдау, қарым-қатынас жасау қабілеттерін дамытады. Сондықтан дамытушы ортаны ойын арқылы тиімді ұйымдастыру – тәрбиешінің басты міндеттерінің бірі.

## Негізгі бөлім

### 1. Дамытушы орта дегеніміз не?

Дамытушы орта – баланың жан-жақты дамуына жағдай жасайтын арнайы ұйымдастырылған кеңістік. Бұл орта баланың:

танымдық қабілетін

шығармашылығын

әлеуметтік дағдыларын

дербестігін дамытуға бағытталады

### 2. Ойынның маңызы

Ойын – баланың табиғи қажеттілігі. Ойын арқылы бала:

өзін еркін сезінеді

қоршаған ортаны зерттейді

рөлдерді меңгереді

қарым-қатынас жасауға үйренеді

Ойын түрлері:

сюжеттік-рөлдік ойындар

дидактикалық ойындар

қимылды ойындар

құрылыс ойындары

### 3. Дамытушы ортаны тиімді ұйымдастыру жолдары

#### 1. Ортаны аймақтарға бөлу:

ойын бұрышы

кітап бұрышы

шығармашылық аймақ

құрылыс аймағы

табиғат бұрышы

2. Қауіпсіздік пен қолжетімділік:

Балалар барлық құралдарға еркін қол жеткізе алуы керек және олар қауіпсіз болуы қажет.

3. Жас ерекшелігіне сәйкестік:

Ойыншықтар мен материалдар балалардың жасына сай таңдалуы тиіс.

4. Түрлі материалдарды қолдану:

табиғи материалдар (күм, су, тас)

дамытушы ойыншықтар

конструкторлар

логикалық ойындар

4. Тәрбиешінің рөлі

Тәрбиеші:

бағыт-бағдар береді

баланың қызығушылығын арттырады

ойынға жанама түрде қатысады

балалардың өз бетінше әрекет етуіне мүмкіндік береді

Қорытынды

Ойын арқылы ұйымдастырылған дамытушы орта – баланың үйлесімді дамуының негізі. Дұрыс құрылған ортада бала белсенді, қызығушылығы жоғары, өз ойын еркін жеткізе алатын тұлға болып қалыптасады.

